



№ _____

**Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы
және Шымкент қалаларының
әкімдіктеріне**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті соңғы уақытта мұғалімдердің әдеттен тыс функцияларға, соның ішінде аумақты жинауға, кабинеттерді жөндеуге және т.б. жұмысқа тартуға қатысты шағымдар келіп түскендігі туралы хабарлайды. Сонымен, 2021-2022 оқу жылында 42 өтініш келіп түсті, оның ішінде 10 әкімшілік іс қозғалды, 32 өтініш бойынша білім беру ұйымдарына заңнаманы сақтау туралы ұсыныстар берілді.

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабына сәйкес, педагогтердің кәсіптік қызметін жүзеге асыруы кезінде оның кәсіби қызметіне байланысты емес жұмыстарға тартуға жол берілмейді. Бұл норманың орындалуы педагогтердің еңбек демалысы кезінде ерекше маңызды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында Заңды бұзғаны үшін ескерту түріндегі жауапкершілік қарастырылған.

Осыған байланысты барлық білім беру ұйымдарында Заң талаптарының орындалуын ерекше бақылауды қамтамасыз ету, педагогтерді кәсіби қызметіне жатпайтын функцияларды орындауға тарту жағдайларын болдырмау, сонымен қатар, педагогтерді еңбек демалысынан жөндеу жұмыстарына, аумақты тазартуға және т.б. жұмыстар жүргізу үшін шақырып алуға жол бермеу қамтамасыз ету қажет.

Төраға

Г. Кәрімова



